



№1 педагогикалық кеңестің
шешімімен бекітілді:
КМҚК №33 «Көркемай»
бөбекжай-бақша директоры:
Конаева Г. К.

№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасының 2020-2021 оқу жылындағы мектепалды даярлық тобының балаларына арналған вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» бойынша оқу жоспары.

**Мектепалды даярлық тобының қызығушылығы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің күнтізбелік – тақырыптық жоспары
«Сиқырлы әріптер» 2020-2021 ж**

№	Блок тақырыбы Апта тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны
Қыркүйек	Дыбыстар (Үзік сызықтар жазу)	Балабақша балалар мекені екенін ұғындыру. Оларды татулыққа, өзара достыққа тәрбиелеу. Сөз туралы түсінік беру, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді үйрету. Сөйлемнің сөзден құралатынын үйрету. Сызықшалар жазу. Үстелде тұзу отыруды қалыптастыру.
	С-з (Ұзын және қысқа таяқшалар)	Балаларды өзара сыйластық, достық қарым-қатынасқа үйрету. Сөздердің дыбыстардан (дауысты және дауыссыз) құралатынын ұғындыру. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазу, саусақ бұлшық еттерін дамыту, жазу кезінде дұрыс отыруға қалыптастыру
	Сөйлем Тұзу сызықтар жазу	Балаларды дыбыстар туралы білуге үйрету. Сұраққа толық жауап бере білу қабілеттерін дамыту. Сөздердің ұзын-қысқа болатынын білдіру. Тұзу сызықтар жазу. Білімге құштарлықтарын арттыру.
	Буын және екпін А әріпін жазу	Сөздерді салыстыру. Дыбысты сөз арасында айыра білуге тәрбиелеу. Өз есімдеріне талдау жасауға үйрету. Ирек сызықтарды дұрыс жазуға қалыптастыру. Саусақ бұлшық еттерін дамыту
Қазан	Сөз бен дыбыс Н дыбысы кездесетін сөздер. Н әріпін жазу	Адам мен табиғаттың тығыз байланыста болатынын түсіндіру. Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын, А әріпін жазу, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Дәптерді сәл қиғаш ұстауды үйрету.
	Ғ дыбысы кездесетін сөздер. Ғ әріпін жазу	Есту қабілеттерін жетілдіру. Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын білдіру. Ғ әріпін жазғызу.
	Р дыбысы, әріпі (Р әріпін жазу)	Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Р әріпін жазуға үйрету. Қаламды дәптерді ыңғайлы ұстауға жаттықтыру.
	Л дыбысы мен әріпі (Л әріпін жазу)	Күзгі бау-бақша өнімдерінің, күз байлығының пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Балалардың ойын дамыту, сөздік қорын молайту. Л дыбысы туралы білімдерін бекіту, дәптерге жаздыру, денелерін тік ұстап отыруға жаттықтыру.
Қараша	Өткен дыбысы мен әріпін қайталау	Құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, құстардың пайдасы туралы білімді бекіту. Өткен әріпін жазу кезінде дәптерлерін ыңғайлы түрде ұстауға қалыптастыру.
	Білімгерлер еліне саяхат	Балалардың үй жануарларына қамқорлығын тәрбиелеу. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өткен Әріпмен таныстыруды жалғастыру, дәптерге жазғызу.

	Т дыбысы ,әріпі Т әріпін жазу	Т дыбысымен әріпімен таныстыруды жалғастыру,Т әріпін дәптерге жазуды дағдыландыру.
	Ң – әріпін жазу.	Ң дыбысын дұрыс дыбыстату,білімге деген қызығушылықтарын арттыру.ң әріпін жазу.
Желтоқсан	У дыбысы және әрпі У әріпін жазу	Балалардың өз Отаны туралы түсініктерін жетілдіру. Туған еліне,жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.У- әріп таңбасымен таныстыру,жаздыру .Саусақ бұлшық еттерін дамыту,
	Ш дыбысы мен әріпі Ш әріпін жазу	Балаларға туған өлкелері туралы мәлімет беру.Туған жерлерін сүйюге кадрлеуге тәрбиелеу.Шдыбысы және әрпімен таныстыруды бекіту, үстелде тұзу отыруды дағдыландыру.Таза, ұқыпты жазуға үйрету.
	Й - дыбысы және әрпі Й әріпін жазу	Балаларға Қазақстан Республикасы тәуелсіз,егеменді мемлекет екені туралы түсінік беру.Мемлекеттік рәміздер туралы түсінігін жетілдіру.Қ дыбысы және әрпімен таныстыруды жалғастыру. И-Й әріпін дұрыс жазуға үйрету.
	О дыбысы мен әріпі О әріпін жазу	Балаларды Қазақстанның бас қаласы Астананың сұлулығына деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу Ы әріпін таныстыру, жаздыру О әрпі бар сөзді оқуға жаттықтыру.
Қаңтар	Қ дыбысы,әріпі Қ әріпін жазу	Балалардың өз ата-тегін білуге қызығушылықтарын дамыту. Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту. Қ -Қ дыбысына сөз құрауды дамыту, дәптерге ұқыпты,таза жазуға тәрбиелеу.
	Ө дыбысы және әрпі Ө әріпін жазу	Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы жөнінде әңгімелеу. О-Ө-дыбысы және әрпімен таныстыруды бекіту, О-Ө әріпін дәптерге жазу.
	Мдыбысы ,әріпі М әріпін жазу	Балаларды әртүрлі жағдайға байланысты әрекет етуге қалыптастыру. М дыбысын дұрыс дыбыстатуға жаттықтыру. М әріпін мұқият жазуға қалыптастыру.
	Б дыбысы және әрпі Б әріпін жазу	Балаларды дене тәрбиесінің маңызымен таныстыру.Б дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыруды жалғастыру. Б дыбысы кездесетін сөз ойлап, буындарды жазуға үйрету.
Ақпан	Р дыбысы,әріпі әріпін жазу қайталау	Табиғат әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.Өлі табиғат туралы түсінік бере отырып,оны адам қолымен жасалған заттардың ажыратуға тәрбиелеу. Р-Л дыбысы және әрпімен таныстыру, Р-Л әріпін дәптерге жазу.
	Ждыбысы және әрпі Ж әріпін жазу	Көліктер туралы түсінік беру,олардың түрлерін ажыратуға үйрету.Жолда жүру ережелерін сақтау туралы түсіндіру. Ж дыбысы және әрпімен таныстыруды жалғастыру,
	С дыбысы,әріпі Сәріпін жазу	Адамға қажетті электроника құралдары туралы білуге қызығушылықтарын арттыру. Сәріпін дәптерге жазуды үйрету. Үстелге түзі отыруды қадыптастыру.

	Өткен әріпін жазу қайталау	Еліміздің табиғат байлықтары (көмір, мақта, күріш, ұн, қант, көкөністер мен жемістер, күнбағыс майы(күнбағыстың дәні) және т.б көрсетіп,ол туралы не білетіні мәлімет беру. Ң дыбысы бар сөздер құрастыру,дәптерге жазу.
Наурыз	М-Б дыбысы ,әріпіМ-Б әріпін жазу	Балаларды әртүрлі салт-дәстүрлерге қызығушылығын арттыру.м-б дыбысымен әріпмен таныстыру. М-Б дыбысын дәптерге жазу, буындарды көшіріп жазу.
	Білімгерлер ортамызда У дыбысы және әріпі	Балаларды ауыз әдебиеті үлгілеріне қызығушылығын тәрбиелеу.Өткен дыбысы және әріпмен таныстыруды бекіту,жазуды жалғастыру.Ұқыптылыққа, әдемілікке, тазалыққа тәрбиелеу.
	Өткен дыбысы М әріпін жазу	Балаларды байланыстырып сөйлеуге тәрбиелеу. Өткен,әріпмен таныстыру.Сөзге дыбыстық талдау жасау,і дыбысы бар сөздерді оқу,жазу.
	Қайталау сабақтары Ң-Н дыбыстары	Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Жылдың көктем мезгілінде табиғаттың түрленетінін ,жан-жануардың жанданып,гүл қаулайтыны туралы ұғым беру
Сәуір	Ш- әріптерін қайталау.жазу	Әр түрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту. Әр түрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек аламына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу. дыбысы және әріпмен таныстыру.Дәптерге жазуды жалғастыру.
	Қ-К әріптерін қайталау	Балаларға алғашқы қазақ ғарышкерлері туралы түсінік беру, оларды мақтан ету,құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу.Құрамында дыбысы бар сөздер жазу.
	Өткен әріптерін қайталау (Дауысты және дауыссыз дыбыстар)	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап ажырата білуге тәрбиелеу.дыбысымен әріпмен таныстыру,жазу.
	Өткенді қайталау	Гүлдермен таныстыру, олардың бөліктерін атай білуге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. дыбысы бар сөздер жазу.
Мамыр	Қайталау (Буын)	1 Мамыр Қазақстан халқының ынтымақ күні туралы түсінік беру. дыбысы және оның таңбасымен таныс, дәптерге жазуды жалғастыру.
	Қайталау (Сөз,сөйлем)	Отан қорғаушылар мерекесі туралы түсінік беру.Балалардың бойына патриоттық сезім тәрбиелеу .У дыбысы бар сөздер ойластырып, оны дәптерге көшіріп жазуға тәрбиелеу.
	Өткенді қайталау «Не үйрендік?»	Жәндіктер-табиғаттың бір бөлшегі екенін ,оларды орынсыз жәбірлемеу қажеттігін ұғындыру.. Өткен әріптерді дидактикалық ойын арқылы қайталап естеріне түсіру.Буындар жазу.
	Балалар білімін қортындылау «Кел,оқиық»	Балаларға жайқалған жаз мезгілінің ерекшелігі туралы түсіндіру. Қазақ тіліне тән дыбыстырды қайталатып естеріне түсіру.Байқампаздыққа тәрбиелеу.Сөздер жазу.